


# ІРГЕЛІ ОҚУ ОРНЫ

2002 жылы негізі қаланған Шымкенттегі Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (қазіргі ОҚУ) колледжі нарықтың заманауи қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын білікті орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етіп келетін іргелі оқу орны. Техникалық және кәсіби білім беру саласындағы сапалы мамандарды даярлау жөніндегі стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру мақсатында 2016 жылы 1 сәуірде университет ректоры Жұмахан Үшкемпірулы Мырхалықовтың №96 нқ бұйрығы негізінде колледж университеттің құрамдас бөлігі ретінде қайта ашылған. Колледжі әр жылдары Е.Айтбаев, Б.Мақжанов, Н.Тастыбаев, Ш.Джалимбетов, К.Әжібеков, Д.Әбдірайымов, Б.Сапарбаев сияқты білікті басшылар басқарған.

Оқу орнында оқытушылардың біліктілігін арттыру жұмыстарына ерекше мән берілуде. Қазіргі уақытта колледжде 102 оқытушы, соның ішінде 2 ғылым докторы, 35 магистр, 5 жоғары дәрежелі педагог-шебер, 13 педагог-саралшы, 6 педагог-модератор, бірінші және екінші санаттағы оқытушылар еңбек етуде.



дық жұмыстарда белсенділік танытқан Маржан Кеңесбек, Інжу Кеңесбек, Елдос Бөгенбай секілді студент жастар Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ-дың бірінші проректоры Қайрат Еңбекшіұлы Нұрманбетовтің Алғыс хатымен, ал Дана Сағынтай, Гүлнұр Жоламанова, Рүстем Бақытұлы Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің директоры Әлібек Сейдаханның Алғыс хатымен марапатталды. Шара соңы қызылғылықты концерттік бағдарламаға ұласты.

Шымкенттегі «Буревестник» спорт кешенінде Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейтойына орай колледж оқытушылары арасында волейболдан командалық жарыс өтті. Оны Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ колледжі ұйымдастырған болатын. Жарысқа күншуақты Оңтүстік өңіріндегі Манап Өтебаев атындағы Жоғары жаңа технологиялар колледжі, Мардан Сапарбаев атындағы институттың «Парасат» колледжі, Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі, Тамақтандыру индустриясы және сервис колледжі, Жоғары педагогикалық колледжі, Шымкент аграрлық техникалық колледжі, Түркістан индустриалдық құрылыс колледжі, Политехникалық колледж, Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық және экономикалық колледжі, Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің оқытушылары қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ-дың бірінші проректоры Қайрат Нұрманбетов, Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің директоры Әлібек Сейдахан құттықтау сөз сөйлеп, спорт — денсаулық кепілі екенін айта келе жарысқа қатысушы командалардың бәріне сәттілік тіледі.

Нәтижесінде Түркістан индустриалдық құрылыс колледжі жарыс жеңімпазы атанды. Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің ұжымы жүлделі екінші орынды еншіледі. Шымкент аграрлық техникалық колледжі үздік үштікке ілікті. Олардың бәріне Диплом, кубок, медаль мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

2018 жылдан бері тарих ғылымының докторы, профессор Әлібек Нұрмаханұлы Сейдахан Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің директоры қызметін атқарып келеді. Ол 140-тан астам ғылыми және ғылыми әдістемелік еңбектердің авторы, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, Қазақстан Республикасы білім беру саласының құрметті қызметкері. Биылғы жоғары оқу орнының 80 жылдығына орай мерейтойлық төсбелгімен марапатталып отыр.

Колледж мемлекеттік лицензия негізінде еңбек нарығында сұранысқа ие 15 мамандық бойынша мамандарды даярлайды. Атап айтқанда, бізде түсті металлургиясы; құрылыс бұйымдары мен конструкцияларының өндірісі; мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы; трикотаж, тоқыма, галантерея бұйымдарының технологиясы; электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша); бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша); бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі; дене тәрбиесі мен спорт; есеп және аудит; киім дизайны; тігін өндірісі және киімдерді модельдеу; ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану; ветеринария; тамақтандыруды ұйымдастыру мамандары даярланады. Оқу орнында 2 бөлім мен 8 пәндік-циклдік комиссия жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта колледжде 1520 студент, соның ішінде 1223-і мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алууда. Колледждің іргелі оқу орнында орналасуы — білім алушылар үшін басты мүмкіндіктердің бірі болып табылады. Өйткені, бұл қадамдар әрбір ізденімпаз талантты жасқа университет студенттерінің қоғамдық

өміріне терең үңілуге, оқуға тез бейімделуіне және болашақ мамандығын таңдауына тың серпін, мықты мотивация береді. Сонымен қатар білім алушылар университеттің барлық дәстүрлі іс-шараларына белсенді қатысуына толықтай жағдай жасалған.

Worldskills Shymkent – 2023 қалалық чемпионатында колледж 9 құзыреттілік бойынша қатысып, 1 бірінші, 3 екінші, 3 үшінші орындарды иеленіп, мерейлі болды. Флористика құзыреттілігі бойынша біздің колледж құзыреттілік орталығы ретінде чемпионат ұйымдастырып, осы құзыреттіліктің жетекшісі республикалық чемпионатқа жолдама алып отыр.

Дуальды білім берудің қандылығы әрбір студент үшін оқу үдерісінің алғашқы кезеңдерінде өндірістегі жұмыстарға қызметкер ретінде қосылу мүмкіндігімен ерекшеленеді. Білім берудің бұл түрі студенттерге болашақ маманның сәтті кәсіби және әлеуметтік бейімделуінің кепілі болып табылатын оқу орнының қабырғасында теориялық қана емес, сонымен қатар тәжірибелік білім алуға тамаша мүмкіндік болып табылады. Осы орайда Шымкенттегі бірқатар өндіріс орындарымен келісімшарт жасалып, өзара тығыз байланыс нығая түскен.

Студенттер колледждің қоғамдық өміріне белсене қатысады. Оқу озаттары мен белсенділерді қамтитын «Студенттік өзін-өзі басқару» ұжымы жұмыс істейді. Білім, өнер бәйгелері мен спорт сайыстары жиі өткізіледі.

Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ колледжінде спортшы студенттер көптеп саналады. Олардың ішінде самбо спортынан Қазақстан чемпионы Қайыржан Кемелхан жасөспірімдер арасында 2023

жылы Астанада өткен Азия және Мұхиттар аймағы чемпионатында 58 келі салмақ дәрежесінде қола медальді жеңіп алды. Дзюдо күресінен Халықаралық жарыстың жеңімпазы атанды. Самбо, дзюдо, қазақ күресінен спорт шеберлігіне үміткер Ерасыл Ғалымжанұлы самбо спортынан Қазақстан чемпионы, 2023 жылы Атырауда өткен Азия кубогында 79 келі салмақ дәрежесінде қола жүлдені жеңіп алды. Халықаралық жарыстардың күміс және қола жүлдегері атанды. Аяжан Ергентай ережесіз жөкпе-жөктен 2021 жылы Ресейдің Анапа және 2022 жылы Өзбекстанның астанасы — Ташкент қалаларында өткен Әлем чемпионаттарында алтыннан алқа тағып, оның алғашқысында «Үздік жауынгер» атағын иеленді. Аяулым Әубәкір MMA, панкратион, әмбебап жөкпе-жөктен Қазақстанның қос дүркін чемпионы. Джи-джитсу комбат пен ұлттық жөкпе-жөктен Қазақстан чемпионы. «Дала бөрілері» FC чемпионы. MMA-дан Әлем чемпионатының қос дүркін жүлдегері атанып, оқу орнымыздың абыройын асқақтатып, беделін биіктетуге белсене атсалысуда.

Біз өзіміздің талантты түлектерімізді де орынды мақтан тұтамыз. Олардың арасында Нұрайым Шақимерген — Түркістан облыстық мәслихаты сегізінші шақырылымының депутаты атанып отыр.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің биылғы 80 жылдық мерейтойы одан әрі өз жалғасын табууда. Жоғары оқу орнына «Зерттеу университеті» мәртебесінің берілуі — бәріміз үшін үлкен мақтан. Халықаралық студенттер күні мерекесіне орай Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан

университетінің Бас ғимаратында ОҚУ колледжінің бірінші курс студенттеріне арналған студентке қабылдау рәсімі өтті. Алдымен білім ордасы жайлы бейнеролик көрсетілді.

Салтанатты жиынды ашқан Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің директоры, тарих ғылымының докторы, профессор Ә. Н. Сейдахан:

— Сіздердің бәріңізді университетіміздің 80 жылдық мерейтойымен шынайы құттықтаймын! Бай тарихы бар жоғары оқу орнынан қаншама талантты түлектер түлеп шыққан. Олардың арасында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғибратты ғалымдар, министрлер, әкімдер, тағы басқа да салалардың танымал тұлғалары бар.

Осы университет құрамындағы біздің колледжде де студент жастарға сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында көптеген ізгілікті де игілікті іс-шаралар жүзеге асырылуда. Бүгін қолдарына студенттік билет ұстап отырған шәкірттерімізді білім нәрімен терең сусындап, жоғары жетістіктерге жете беруіне игі тілектестігімізді білдіреміз! — деді.

Бұдан кейін Әлібек Нұрмаханұлы озат оқытушылар мен студент жастарға марапат тапсырды. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгісі колледж оқытушысы Надежда Победовна Айтөрееваға табысталды. Бұдан бөлек еңбегі еленген Олжас Ақжолұлы, Нұрлан Жолымбекұлы, Гүлнар Тұрғанқызы, Меруерт Абдықасымқызы секілді оқытушылар «Аманат» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиевтің Алғыс хатымен, қоғам-

**Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,**  
**Мұхтар Әуезов**  
**атындағы Оңтүстік**  
**Қазақстан университеті**  
**Ақпараттық білім беру**  
**орталығының**  
**кітапханашысы, ОҚУ**  
**колледжінің оқытушысы.**